

Республикалық қоғамдық бірлестігі
«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен
жасөспірімдер ұйымында 2021-2022 оқу
жылы бойынша өткізілген
іс- шаралар қорытындысы туралы
Хабарлама

Қыркүйек айында 2021-2022 оқу жылына «Жас Ұлан» ұйымының жеті бағыты бойынша жылдық жоспар құрылды. Сонымен қатар «Жас Ұлан» мектеп комитетінің құрамы сайланып, жоспары құрылды.



Қыркүйек айында «Зерде» бағыты бойынша «Маған дауыс бер!» Ұланбасы сайлауы өткізілді. Сайлауға Алдабергенов Тимур, Төлеубаев Архат, Базарбай Айдос өз бағдарламалары ұсынды. Сайлау ашық түрде дауыс беру арқылы нәтижесінде Төлеубаев Архат Ұланбасы болып сайланды.



«Экоәлем бағыты» бойынша Biz birgemiz «Таза Алем» экологиялық жобасы бойынша Мектеп оқушылары ауыл тазалығын ұйымдастырды. Плогинг инстаграм желісіне жарияланды.



«Руханият» бағыты бойынша «Дармарка» акциясы өтті. Дармарка – әр адамның өзіне қажет емес, затты апарып оған екінші өмір сыйлайтын алаң. Іс-шараға оқушылар мен ұстаздар өз үлесін қосып, өзіне ұнаған заттарды алды. Акция барысынан видеоролик инстаграм желісіне жарияланды.



«Отан» бағыты бойынша «Мен елімнің патриотымын» эстафеталық челленджі ұйымдастырылды. Челлендж аудан мектептерінің арасында ұйымдастырылып, ұйым мүшелері челленджі Көсембай негізгі мектебіне жолдады.



«**Жеті жарғы**» бағыты бойынша мектеп оқушыларына «**Мектеп оқушылар көзімен**» атты сауалнама өткізіліп, қорытындысы шығарылды.

Қазан айында «**Еңбек бағыты**» бойынша «**Бар жақсылық сіздер үшін, Ұстаздар!**» атты ұйым мүшелері мерекелік құттықтау ұйымдастырып өз тілектерін арнады.



«**Экоәлем**» бағыты бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында «**Экология және Біз**» атты дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында оқушылар өз ойларын ортаға салып, проблемалық сұрақтарды талқылады. Сұрақтарға жауап беріп, табиғатты қорғау барысында өз ұсыныстарын айтты.



«**Зерде**» бағыты бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында «**Көкпар**» интеллектуалдық ойыны өткізілді. Сайыс бірнеше бөлімнен тұрды. Оқушылар білімдерін ортаға салып, логикалық тапсырмалар орындады. Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.



Қараша айында «**Отан**» бағыты бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында «**Мемлекеттік рәміздердің білгірі**» атты топтық сайыс өтті. Оқушылар мемлекеттік рәміздер туралы сұрақтарға жауап берді. Сайыс бірнеше бөлімнен тұрды.



«**Жеті жарғы**» бағыты бойынша Ұланбасының ұйымдастыруымен «**Құқығым бар**» семинар тренинг өтті. Семинар тренинг қызықты өтті.



«Салауат» бағыты бойынша «Спид-ғасыр дерті» атты ақпараттық сабақ өткізілді. Шара барысында биология пәні мұғалімі тақырып бойынша толық ақпарат берді. Оқушылар сұрақтар қойып, қойылымдар көрсетті.



Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі «Жас Ұлан» ұйымының 10 жылдық мерекесі қарсаңында «Отан» бағыты бойынша 7-9 сынып оқушылары арасында «Елбасы туралы білесіңбе Жас Ұлан?» атты зияткерлік сайыс өткізілді.



«Зерде» бағыты бойынша Ұланбасымен тіл мамандарының ұйымдастыруымен «What? Where? When?» атты интеллектуалды турнир өткізілді. Шара барысында оқушылар көп мәлімет алып, сұрақтарға жауап берді. Турнир нәтижесінде Берекет Бек жеңімпаз атанды.



Желтоқсан айында «Жеті жарғы» бағыты бойынша 8-9 сыныптар аралығында «Қатыгездік қайдан шығады» атты дөңгелек үстел өткізілді. Шараның мақсаты: оқушыларды тәртіпке, иамандылыққа тәрбиелеу. Оқушылар постер қорғап, жағдаяттық сұрақтарды талқылады.





Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі «Жас Ұлан» ұйымының 10 жылдық мерекесі қарсаңында «Отан» бағыты бойынша «Жас Ұлан-егемен еліміздің болашағы» атты оқушыларды «Жас Ұлан, «Жас Қыран» ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өткізілді. Салтанатты жиында 2 сынып оқушылары «Жас Қыран» және 5 сынып оқушылары «Жас Ұлан» қатарына өтіп, ант қабылдады.

«Зерде» бағыты бойынша 2-3 сынып оқушылары арасында «Зерде» зияткерлік сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру. Сайыс барысында түрлі әдістер оқушылар тапсырмалар орындады.

«Экоәлем» бағыты бойынша «Сурет сиқыры» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрме барысында оқушылар қыс қызықтарын бейнеледі.



Қаңтар айында «Еңбек бағыты» бойынша «Мен таңдаған мамандық» атты студенттермен кездесу кеші өтті. Кеште оқушылар студенттерге сұрақтар қойды. Оқушылар болашақ маман иелерінен мамандық таңдау барысындағы сұрақтарына толық жауап алды.



«Жетіжарғы» бағыты бойынша «Білім артықпа, байлық арықпа?» атты дебат өткізілді. Дебат барысында оқушылар өз ортаға салды.



«Экоәлем бағыты» бойынша қайталама шикізат жинау «Эко-Асар» экологиялық марафоны өткізілді. Маклатаура жинақталып қалдықтарға оқушылар екінші өмір сыйлады.



Ақпан айында «Экоәлем бағыты» бойынша 5-6 сынып оқушылары арасында «Ойнайық та, ойлайық» эковест сайысы өткізілді. Сайыста экологиялық сұрақтар қойылды.



«Салауат» бағыты бойынша ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Жас Ұлан аламан» атты асық атудан сайыс ұйымдастырылды. Әр сыныптан бір оқушы жеңімпаз атанды.



Наурыз айында «Зерде» бағыты бойынша «Интеллектуалды ұлт-дарынды жастар» атты зияткерлік сайыс 7-9 сынып оқушылары арасында өткізілді. Сайыс барысында оқушыларын білімдерін сынады. Нәтижесінде 7 сынып оқушылар 1 орынды иеленді.



«Руханият» бағыты бойынша 8-інші наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Наурыз поштасы» акциясы бойынша «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері ауыл үлкендеріне қолдарынан жасаған ашықхаттар мен сыйлықтар табыстап, үлкен кісілердің батасын алды.



«Руханият» бағыты бойынша 8-інші наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем анамен сұлу» атты «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері мерекелік құттықтау өткізді. Снымен қатар қолдарынан жасаған гүлшоқтарын тарту етті.





Сәуір айында «Отан»бағыты бойынша 1 мамыр бірлік күніне орай «Бірлігі жарасқан-Қазақстан!»атты мерекелік жиын өткізіліп,оқушылар Жасұлан және Жасқыран қатарына қабылданды.



Балалар жылына «Зерде»бағыты бойынша мектептің үздік оқушылары арасында «ЕҢ ҮЗДІК ОҚУШЫ»сайысы өткізілді.Сайыс 5 бөлімнен тұрды.Нәтижесінде Бастауыш сынып арасында «Ең үздік оқушы-2022»атағын 2-сынып оқушысы Базарбай Нұрсұлу жоғарғы сынып аралығында 7-сынып оқушысы Көңілхошова Қарақат иеленді. 1 орынмен Жұмабекқызы Ақерке,Жұмабекқызы К,2 орынменАлуова Асылжан,Амантаева Әсемай 3 орынмен Бектасқызы Шехрезат марапатталды.



«Экоәлем»бағыты бойынша 6-сынып оқушылары арасында Экоквест өткізілді.Экоквест барысында оқушылар сұрақтарға жауап берді.Оқушылар ойынға белсенділікпен қатынасты

Жас ұлан бойынша жетістік: Облыстық «Үздік сценарий - 2021»байқауында 3 орын.Облыстық «Тәлімі мол тәлімгер-2022»байқауында алғысхат. Аудандық «Гаджет- балалар көзімен»суретбайқауында алғысхат. «Жас Ұлан»бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы»республикалық қоғамдық бірлестігі атынан алғысхат.

«Жас Ұлан» балалар жасөспірімдер ұйымында өткізілген іс-шаралар «Жас Ұлан» мектеп комитетінің кеңесінде талқыланып отырады.

Жас Ұлан балалар Ұйымының жетекшісі:Смайлова І.С.

